

3. С. Утепбергенова, 2-курс

Ғылыми жетекшісі: Д. Қ. Есенов, аға оқытушы

(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚТЫҢ ШЕГІНДЕ ҚЫЛМЫСКЕРДІ ҰСТАП БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Елбасымыздың биылғы 2012 жылдың 27 қаңтардағы Жолдауындағы алға қайған ең басты мақсаттарымыздың бірі ретінде құқық реформасына байланысты «Сот және құқық қорғау жүйесін дамыту» туралы болашақта іске асырылу үшін арнайы бағыт баяндалған болатын¹.

Қазіргі таңда ұйымдасқан қылмыс бүкіл әлемдік халықтың бейбіт өміріне қауіп төндіретін ХХІ ғасырдың ең басты мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының алға қойған саяси-құқықтық тұжырымдамасында терроризмді насихаттау, ұлтаралық қақтығыс және діни экстремизм, заңсыз миграция, есірткі бизнесі мен адам саудасына қатысты өзекті мәселелер алдын алу туралы шараларға баса назар аударылған. Өкінішке орай жоғарыда айтылған қылмыстармен жалғыз күресуге мемлекетіміз қауқарсыз. Осы мәселелерді шешу мақсатында бүкіләлемдік халықаралық одақтардың көмегіне жүгініп бірлесе жұмыс істеу барысындағы қылмыстық істер бойынша, жеке қарастыратын болсақ қылмыскерлерді экстрадициялауға қатысты кейбір мәселелерді қарастармыз.

Экстрадиция (фр. extradition — беру, табыстау) — мемлекеттің өз аумағындағы қылмыскерді қылмыстық жауаптылыққа тарту мақсатымен немесе сол адамға қатысты шығарылған шетел сотының үкімін орындау үшін оны басқа мемлекетке беруі.

Халықаралық құқық бойынша бір мемлекеттен екінші мемлекетке жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін ізіне түскен тұлғаны немесе оған шығарылған сот үкімін орындау үшін беру — әдеттен тыс бойынша беру (экстрадиция) деп аталады². Әдеттен тыс беру мәселелері мемлекеттің ішкі құқықтық заңнамаларымен және мемлекетаралық келісімдерімен, әдетте екіжақты келісімдермен реттеледі. Сонымен қоса, бұл мәселелер көпжақты келісімдермен, мысалы халықаралық келісімдер: 1957 жылғы қылмыскерлерді беру туралы Еуропалық конвенция, 1983 жылғы сотталғандарды беру туралы Страсбург конвенциясы, ТМД елдері арасындағы келісімдер: 1993 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Минск конвенциясы және де 2004 жылғы Кишинев конвенцияларымен реттеледі.

Әдеттен тыс беруге — қылмыс жасағандар, адамзатқа қылмыс жасаған тұлғалар, оның ішінде әскери қылмыскерлер жатады. Мемлекеттің өз азаматтары әдетте берілуге жатпайды. Саяси қуғынға түскендер берілуге жатпайды, оларға саяси баспана беріледі.

Қылмыскерлерді беру үшін міндетті түрде екіжақты келісімшарт болуы және қылмыс істеген тұлғаның жасаған қылмысы беретін және берілетін мемлекеттерде қылмыстық іс болып табылуы керек. Қылмыскерді әдеттен тыс беру үшін, мемлекет өз азаматтары бойынша, немесе мемлекет аумағында қылмыс жасаған тұлғаларды беруге талап ете алады³. Қазақстан Республикасында қылмыс жасаған тұлғаларды әдеттен тыс беру мәселелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен айқындалған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің «Шетел мемлекетінің азаматын ұстап беру туралы талапты атқару» туралы 531-бабына байланысты:

1-тармағында — Қылмыс жасады деп айыпталушы немесе шетел мемлекетінің аумағында сотталған шетел мемлекетінің азаматын ұстап беру туралы талапты Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе уәкілетті прокурор қарайды, оның нұсқаулары ұстап беруді орындау үшін негіз болып табылады. Адамды ұстап беру туралы бірнеше мемлекеттің талаптары болған ретте адамның қандай мемлекетке ұстап берілуге жататындығы туралы шешімді Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қабылдайды.

2-тармағы бойынша — Ұстап берудің шарты мен тәртібі осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының шетел мемлекетімен жасасқан халықаралық шартымен айқындалады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті әдеттен тыс беру іс-шараларын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының шешімдерінің негізінде атқарады.

Осыған байланысты, 2006 жылы ҚАЖК Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның алыс және жақын шетел мемлекеттерімен әдеттен тыс беру туралы 333 нұсқауын орындады.

Қорытындылай келе, экстрадициялауға қатысты жасалып жатқан іс-шаралардың бәрі де болашақта өз нәтижесін көрсетуі сөзсіз, бұл шешімдер — халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық негіздері қалыптасқан мемлекет ретінде, Қазақстанның құқық қорғау жүйесіне деген сенімнің көрсеткіші болып табылады.

¹ ҚР Президентінің халыққа Жолдауы 2012. 27 қаңтар.

² *Валеев Р. М.* Выдача преступников в современном международном праве (Некоторые вопросы теории и практики). — Казань, 1976. — 128-б.

³ ***Васильев Ю. Г.*** Региональные системы института выдачи преступников (экстрадиции) // **Право и политика.**
— 2002. — № 10. — 96-110-бб.